

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының 2021 __ жылғы
«_____» _____
шешімімен, № _____ хаттама,
бекітілді

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың еншілес және тәуелді
ұйымдарға қатысты дивидендтік саясаты**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жылғы мамыр

Мазмұны

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер.....	3
2. Қолдану саласы	3
3. Анықтамалар мен қысқартулар	3
4. ҚМГ дивидендтер төлеуінің негізгі шарттары	4
5. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі.....	5
6. Дивидендтерді төлеу тәртібі.....	6
7. Дивидендтерді төлеу үшін жауапкершілік	7
8. Қорытынды ережелер	7

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1 Саясаттың мақсаты ҚМГ пайдасына ЕТҰ дивидендтерін төлеу мөлшерін, шарттары мен тәртібін айқындаудың анықтығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

1.2 Осы Саясат ҚМГ мен оның ЕТҰ арасында ҚМГ-ға тиесілі акциялар пакеттеріне дивидендтер төлеу және қатысу үлестері мәселелері бойынша өзара қарым-қатынастарды жүзеге асыру қағидаттарын белгілейді және тетіктерін айқындайды.

1.3 Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы №22/15 шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 2 қазандағы шешімімен, №39/12 хаттама, бекітілген Еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ Дивидендтік саясатына, ҚМГ Жарғысына және оның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.4 Саясаттың негізгі қағидаттары ЕТҰ-ның қаржылық тұрақтылығының сақталуын және бизнес жоспарларды іске асыруға қаржылық қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуін ескере отырып, ЕТҰ дивидендтерін барынша ұлғайту болып табылады.

2. Қолдану саласы

2.1 Осы ЕТҰ саясатын қолдану белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ЕТҰ-ның ішкі құжаттарын Саясатқа сәйкес келтіру арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте осы Саясатта қамтылған талаптар ЕТҰ-ның ұқсас саясаттарымен және ішкі құжаттарымен салыстырғанда төмендетілмеуге тиіс.

3. Анықтамалар мен қысқартулар

3.1 Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

ҚМГ	«Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.
Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші тұлға (Қор)	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы.
Еншілес ұйым	- жарғылық капиталының басым бөлігін ҚМГ қалыптастырған заңды тұлға не егер арадағы жасалған шартқа сәйкес (не өзгеше түрде) ҚМГ-ның осы ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындауға мүмкіндігі болатын заңды тұлға. ҚМГ шоғырландыру рәсімдеріне еншілес ұйым толық әдіспен қатысады.

ЕТҰ (осы Саясаттың мақсаттары үшін)	ҚМГ еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары.
Саясат	Еншілес және тәуелді ұйымдарға қатысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Дивидендтік саясаты
Дивидендтер (осы Саясаттың мақсаттары үшін)	есепті кезең (тоқсан, жартыжылдық, жыл) үшін қызмет нәтижелері бойынша ЕТҰ төлейтін өзіне тиесілі акциялары бойынша акционердің табысы/өзіне тиесілі үлесі бойынша қатысушының табысы.
Бөлінбеген пайдадан дивидендтер	ЕТҰ-да қалдырылған өткен жылдардың жинақталған таза табысынан ЕТҰ төлейтін дивидендтер.
Жауапты департамент	өндірістік қажеттілікке сәйкес қалыптастырылатын бағдарламалар бойынша жоспарлау кезеңіне (есепті кезең үшін) ҚМГ бюджеті шеңберінде кірістерді, шығыстарды, күрделі салымдарды, ЕТҰ-ға инвестицияларды, ақша түсімдері мен төлемдерін жоспарлауға және игеруге (орындауға) жауапты ҚМГ құрылымдық бөлімшесі.

4. ҚМГ дивидендтер төлеуінің негізгі шарттары

4.1 ЕТҰ-дан алынатын дивидендтер:

- Акционерлерге дивидендтер төлеуді;
- ҚМГ іске асыратын инвестициялық жобаларды;
- ҚМГ қаражаты есебінен ЕТҰ іске асыратын жобаларды;
- Қордың тапсырмасы бойынша ҚМГ іске асыратын жобаларды және/немесе өзге де шығыстарды;
- әкімшілік сипаттағы күрделі салымдарды қоса алғанда, ҚМГ-ның қаржы-шаруашылық қызметін;
- ҚМГ тартылған қарыз алу бойынша негізгі борыш пен проценттік сыйақыны өтеу бойынша төлемдерді;
- ҚМГ Трансформациялау бағдарламасын қаржыландыруды;
- өзге де күтпеген шығыстарды қаржыландыру үшін ҚМГ-ның ақшалай қажеттілігін жабуы тиіс.

4.2 ЕТҰ қызметі қаржылық орнықтылықты бір мезгілде сақтай отырып және ҚМГ-мен келісілген стратегия мен даму жоспарларының нысаналы көрсеткіштерін орындай отырып, ҚМГ пайдасына дивидендтер төлемдерін ұлғайтуға бағытталуы тиіс. Дивидендтерді барынша көбейтуге, оның ішінде инвестициялардың рентабельділігін қамтамасыз ету, операциялық тиімділік

пен еңбек өнімділігін арттыру, айналым капиталының деңгейін оңтайландыру және бос ақша қаражатын адал басқару есебінен қол жеткізілуге тиіс.

4.3 ЕТҰ есепті кезеңде алынған таза табыстың (қорытынды пайданың) мөлшерін және ҚМГ-ның өндірістік және инвестициялық қызметін дамыту қажеттіліктерін негізге ала отырып, капиталдандырудың өсуімен қатар ҚМГ төлейтін дивидендтердің мөлшерін ұлғайтуға ұмтылады.

4.4 ЕТҰ ҚМГ пайдасына дивидендтер төлеу үшін төменде көрсетілген барлық шарттарды орындау қажет:

- 1) ЕТҰ-да бір жыл ішіндегі шоғырландырылған / жеке таза кірістің (қорытынды пайданың) және/немесе жеке бөлінбеген пайданың және/немесе аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес оң меншікті капиталдың болуы;
- 2) ЕТҰ-да аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес меншікті капиталда көрсетілетін шоғырландырылған / жеке бөлінбеген пайданың болуы және / немесе;
- 3) ЕТҰ-да борышқа қызмет көрсету, ағымдағы қызметті қаржыландыру және ҚМГ-мен келісілген күрделі салымдар үшін қажетті қаражат шегерілгеннен кейін бос ақша қаражатының болуы;
- 4) қаржылық қарыздар және басқа да шарттық міндеттемелер, ҚМГ мен ЕТҰ ковенанттары бойынша келісімдердің талаптары бойынша шектеулердің болмауы;
- 5) ЕТҰ директорлар кеңесінің / Байқаушы кеңесінің дивидендтер мөлшері туралы ұсынымы;
- 6) ЕТҰ тиісті органының шешімі.

5. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі

5.1. ҚМГ осы ЕТҰ жүзеге асыратын бизнестің сипатына (рентабельділігіне), оның капитал сыйымдылығына, өз қаражатын тарта отырып, орта мерзімді кезеңде инвестициялық қызметті жүзеге асыру қажеттілігінің дәрежесіне қарай, жекелеген ЕТҰ-ға қатысты дивидендтер мөлшерін айқындау кезінде сараланған тәсілді жүзеге асырады.

5.2 ЕТҰ-ның бизнес-жоспарын қалыптастыру мақсаттары үшін ЕТҰ-ға қатысты дивидендтердің жоспарланатын мөлшері жоспарланатын кезеңдегі қаржы-экономикалық жай-күйіне және ақша қаражатының қажеттілігіне байланысты сараланып айқындалады.

5.3 Дивидендтердің мөлшері есепті кезеңдегі ЕТҰ-ның қаржылық нәтижелерін және олардың жоспарланатын кезеңдегі ақшалай қаражатқа қажеттілігін ескере отырып, ағымдағы өтімділік деңгейін ұстап тұруды және борышқа қызмет көрсетуді ескере отырып, бос ақша ағынын талдау негізінде айқындалады.:

1) тұрақты жыл сайынғы кірістерді жасайтын қолданыстағы өндірістік активтердің өнімділігін арттыруға бағытталған күрделі салымдарды қаржыландыруға;

2) жобаны қаржыландырудың белгіленген тәртіппен келісілген құрылымына сәйкес өз қаражаты талап етілетін бөлігінде инвестициялық жобаларды қаржыландыруға;

3) борыштық міндеттемелерді өтеуге;

4) белгіленген тәртіппен келісілген басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салымдарды қаржыландыруға;

5) айналым қаражатын толықтыруға;

6) Қордың және ҚМГ тапсырмаларына сәйкес іс-шараларды қаржыландыруға.

5.4 ҚМГ-ге шешімдер қабылдау үшін ұсынылатын материалдар құрамында дивидендтерді төлеу үшін қажетті шарттардың бар немесе жоқ екенін куәландыратын барлық қажетті ақпарат болуы тиіс.

5.5 Саясат негізінде және есепті кезеңдегі ЕТҰ-ның жылдық қаржылық нәтижелерін ескере отырып, сондай-ақ олардың Саясаттың 4.4-тармағында көрсетілген шығыстарды қаржыландыруға ақша қаражатының қажеттілігін ескере отырып, Жауапты департамент ҚМГ Жоспарлау комитетіне ықтимал дивидендтердің мөлшері туралы ұсынымдар береді.

5.6 Дивидендтердің төленетін мөлшері, егер бұл Саясаттың 3.2-тармағына қайшы келмесе, ЕТҰ-ның есепті кезеңдегі таза пайдасының сомасынан асуы мүмкін. Қажет болған жағдайда дивидендтер өткен жылдардың жинақталған бөлінбеген пайдасынан немесе оң меншікті капиталдан есептелуі мүмкін.

5.7 ҚМГ Жоспарлау комитеті Жауапты департаменттің ұсынымы негізінде, бірақ Саясаттың жоғарыда көрсетілген тармақтарымен шектелмей, ЕТҰ-ның уәкілетті органының қарауына енгізу үшін есепті кезеңдегі ЕТҰ дивидендтік төлемдерінің мөлшері бойынша ұсыныстар дайындайды.

5.8 Дивидендтерді төлеу туралы, оның ішінде есепті жылдың қорытындылары бойынша олардың мөлшері туралы түпкілікті шешімді ҚМГ Жоспарлау комитетінің ұсыныстарын ескере отырып, ЕТҰ-ның тиісті органы қабылдайды.

6. Дивидендтерді төлеу тәртібі

6.1 ЕТҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында және ЕТҰ әрекет ететін елдің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ҚМГ-ға дивидендтер төлейді.

6.2 ЕТҰ ҚМГ-ға дивидендтердің уақтылы және толық төленуін қамтамасыз етеді.

6.3 Дивидендтерді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы қабылданған шешімге сәйкес тиісті ақша сомаларын ҚМГ-нің банктік шотына аудару дивидендтер төлеу болып саналады.

6.4 Дивидендтер түріндегі табыс алушы үшін салық салынатын табысты білдіреді. Төлем көзінен алынатын салық көзі-елдегі дивидендтерден табыс ұсталуы, тиісті салық есептілігінде көрсетілуі және ҚР-ның шет мемлекетпен жасасқан (егер қолданылса) тиісті Конвенцияның ережелерін ескере отырып, заңнамаға сәйкес бюджетке төленуі тиіс.

7. Дивидендтерді төлеу үшін жауапкершілік

7.1 Дивидендтердің толық және уақтылы төленуі үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ЕТҰ-ның ішкі құжаттарымен, сондай-ақ ЕТҰ тіркелген / жұмыс істейтін елдердің заңнамасымен және айқындалады.

8. Қорытынды ережелер

8.1 Осы Саясат ҚМГ Басқармасы бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

8.2. ЕТҰ Кодекс пен Саясатқа сәйкес әзірленген өзінің дивидендтік саясатын және оған енгізілген өзгерістерді Интернет желісіндегі өзінің корпоративтік веб-сайтында орналастыруы керек.

8.3. ЕТҰ «акционерлік қоғам» ұйымдық-құқықтық нысанында қаржылық есептілік депозитарийінде осы мәселелер бойынша бір мәнді және анық түсінік беруге тиіс дивидендтерді төлеу, олардың мөлшері, мерзімдері, оларды төлеу әдісі мен нысаны туралы шешім қабылдау туралы ақпаратты міндетті түрде жариялайды.